

Ризаходжаева Гүлнар Абдумажитқызының 6D010300 «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін «Болашақ туризм мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру (ағылшын тілі материалында)» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне кіруі шетелдік мемлекеттердің өкілдерімен кәсіби деңгейде қатынастардың құрылуын дамытады және жоғары оқу орнын бітірушілерге жаңа талаптар қояды.

Қазақстан Республикасында жоғары білімі беру мақсаты – кәсіби, коммуникативтік және басқа тілдегі құзыреттілікке, креативті әлеуеті мен сыни ойлау қабілетіне ие болған мамандарды дайындау. Осыған байланысты жоғары мектептің білім беру саласын кәсіби қызметте өзін-өзі табыстылықпен іске асыру факторы ретінде коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға көмектесетін, шығармашылықты дамытатын, бірыңғай білім беру кеңістікке айналдыру қажеттігі туындады.

2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту бағдарламасында кадрлар дайындығының қазіргі жай-күйі көрсетілген. Білім беру бағдарламаларының мазмұнында негізгі және кәсіби құзыреттілікті бағалауға талаптар қойылмағаны, теориялық дайындық басым болғаны атап айтылған. Мұндай мазмұн еңбек нарығындағы өзгерістерді білдіретін жұмыс берушілердің талаптарына да, білім мен біліктіліктің кең базасымен нығайтылған, талап етілген дағдыларға ие болуды мақсат еткен үйренушілердің де талаптарына сай келмейді. Оқу орындарында білім беру қызметтерін тұтынушылармен, серіктестермен тұрақты байланыстар жетіспейтіні көрсетілген. Жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды дайындау жүйесі еңбек пен жұмыс берушілер нарығының мұқтаждықтарына бағытталмай, оқытушылардың және оқу-материалдық негіздің ағымдағы мүмкіндіктеріне бағытталады. Оның салдарынан кадрларды дайындау өндірістің нақты сұранысына қарамастан, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру қажеттілігін есепке алмай жүргізіледі.

Кәсіби құзыреттілік маманның кәсіби қызмет барысында нақты бір жағдайларда туындайтын кәсіби мәселелер мен әдеттегі кәсіби міндеттерді, білімдерін, кәсіби және өмірлік тәжірибесін, құндылықтары мен бейімділігін пайдалан отырып, шешу қабілетін айқындайтын интегралды мінездеме ретінде қарастырылады. «Білім туралы» ҚР заңында «жалпы оқытудың ... және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту...» көзделген.

Қазақстандық білім беру жүйесінің жоғарыда аталған өзгерту процестері болашақ мамандардың кәсіби дайындығын және олардың кәсіби

құзыреттілігін дамытуға өз үлесін қосқан атақты ғалымдар мен зерттеушілердің (Г.А. Уманов, Н.Д. Хмель, Е.Ы. Бидайбеков, С.А. Абдыманапов, Б.Т. Кенжебеков, К.М. Беркімбаев, С.Т. Каргин, С.А. Жолдасбекова, Б.А. Жетпісбаева және т.б.) құнды педагогикалық еңбектеріне негізделеді.

Тірек құзыреттіліктер арасында коммуникативтік құзыреттілік аса көп назар аудартады, көптеген сарапшылардың пікірі бойынша оның болуы еңбек қызметіндегі табыстылықты қамтамасыз етеді. Осыған байланысты, білім берудің гуманистік парадигмасының аясында коммуникативтік құзыреттілікті дамыту кәсіби құзыреттілік пен кәсіби ұтқырлық құрағышы ретінде маманды дайындау міндеттеріне кіреді.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мәселелері И. Изаренков, Б.А. Лapidус, В.В. Сафонова, М.Н. Вятютнев, В.Г. Костомаров, Е.И. Пассов, В.Л. Скалкин, Hymes D., M.Canale, M.Swain, Brown G., И.А. Зимняя, С.Н. Лактионова, Ю.Г. Татура, С.А. Шаронова, О.И. Давыдова сияқты зерттеушілердің еңберінде қарастырылған. Отандық зерттеулердің бір қатарында (С.М. Джакупов, Х.Т. Шерьязданова, Н.Б. Жиенбаева, Ж.К. Исаева) бірлесіп қызмет атқару принципiне негізделген қатынастар (коммуникация) құрудың рөлі арнайы белгіленіе көрсетіледі (С.М. Джакупов, Х.Т. Шерьязданова, Н.Б. Жиенбаева, Ж.К. Исаева).

Педагогикалық процесте коммуникативтік құзыреттілікті және құзыретті тәсілді қалыптастыру мәні мәселелерін өз еңбектерінде В.А. Ким, Б.А. Жетписбаева сияқты қазақстандық ғалымдар қарастырады, басқа тілде білім беру жағдайларында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мәселелерін А.Т. Чакликова, А.С.Алметова, М.И. Кудрицкая сияқты ғалымдардың еңбектерінен анықтауға болады.

Атап өту қажет, Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған тілдерді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламасында қазақстандықтардың лексикалық капиталының тірек компоненттерінің бірі іскерлік және халықаралық құралы ретінде шетел тілдерін білу болып табылады. Бұл міндеттің аясында шетел тілдерін оқыту процесі бойынша ауқымды білім беру кеңістігін сақтау қарастырылады.

Жоғарыда көрсетілген шетел тілі рөлінің ұлғаюына байланысты заманауи қоғамда шетел тілінде ауызша қатынасуға үйрету негізінде әртүрлі мамандардың – заңгерлердің, экономисттердің, физиктердің, инженерлердің және т.б. коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру және кәсіби қарым-қатынастар құру саласында зерттеулер жүргізіліп жатыр, олардың әртүрлі аспектілері зерттеушілер еңбектерінде еңбек қызметінің тиімділік талаптары ретінде ашылып көрсетіледі. Мінеки, мысалы, болашақ аудармашылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру процесін Г.М. Касымова және Н.С. Асматуллаева зерттеген, болашақ шетел тілін оқытушылардың – Л.В. Волкова мен Л.К. Карабаева, болашақ агроинженердің – Р.Ф. Жусупова, заңгерлерің – Э.А. Утеубаева, экологтардың – М.М. Акешова және т.б. зерттеген. Жоғарыда аталған еңбектерде коммуникативтік құзыреттілік белгілі бір саладағы маманның коммуникативтік мәдениетіне және іс-

әрекеттеріне дәстүрлі түрде қалыптасқан талаптар қойылып, тар кәсіби қызмет аясында зерттеледі. Жан-жақты талдау барысында туризм саласында болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері жеткілікті дәрежеде ашылмағаны анықталды.

Бүгінгі таңда Қазақстан әлемдегі ең дамыған елу елдің қатарына қосылуды мақсат еткен кезде, туризм индустриясын дамыту аса маңызды рөл атқарады. 2017 жылғы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Елбасы сыртқы және ішкі туризмнің еліміздің экономикасын дамыту үшін ғана емес, сонымен бірге Қазақстанды бүкіл әлемге өте бай көне тарихы бар ел ретінде таныстыру үшін аса маңызды рөлін белгілейді. Бұл мақалада Нұрсұлтан Назарбаев елімізде туризмді дамыту мәселелерін қоғамның рухани сана-сезімін сақтап қалудың негізін қалаушы факторы ретінде көрсетеді. Қазақстан – тарихи ескерткіштері, демалыс аймақтары және т.с.с. зор туристік ресурстары бар ел. Елімізді таныстыруды дұрыс ұйымдастыру және елімізге туристтерді тарту үшін туризм саласында жоғары білікті мамандардың дайындығы маңызды рөл атқарады. Нақты туризм саласындағы мамандар сервистің дұрыс ұйымдастырылуы мен біздің елімізді басқа елдердің өкілдеріне таныстыру үшін жауап береді.

Туристік қызметтің жетекші идеялары мен үрдістерін жүзеге асыра білетін заманауи маманның даму мәселелері ресейлік ғалымдар С.Г. Володиннің, Г.А. Гектиннің, В. А. Кальнейдің, К.В. Кулаевтің, А.Я. Наиннің, С.Н. Никитиннің, В.Н. Новиковтың, О.В. Шангинаның еңбектерінде кеңінен ашылып көрсетілген. Қазақстандық ғалымдар арасында да өз зерттеулерінде туризм саласында мамандарды дайындау мәселелерін қозғаған ғалымдар аз емес. Осылайша, А.А. Саипов туризм менеджерлерін дайындауға қатысты ғылыми-педагогикалық негіздерді қарастырған, Қазақстан Республикасының аймақтық жоо-ларында туристік кадрларды дайындау жүйесін зерттеумен А.А. Жолдасбеков айналысқан, Н.А. Огиенко мен А.В. Вуколов туризмнің белсенді түрлері жөніндегі мамандарды кәсіби дайындау процесін оңтайландыру мәселелерін қарастырған, туризм саласындағы болашақ менеджерлердің экономикалық білім алуындағы педагогикалық шарттар Т.Т. Тұрсынованың еңбектерінде зерттелген, К.М. Омаров және С.К. Алшымбеков туристік қызметте этнопедагогика материалдарын пайдалану мүмкіндіктерін зерттеген, Е.Т. Маханбеттің еңбектерінде туризм саласындағы болашақ мамандарды дайындаудың педагогикалық шарттары келтіріледі.

Туризм саласындағы маманның жұмыс тиімділігі ең көп дәрежеде оның туристермен және әріптестерімен мәдениетіне және өзара іс-қимыл қарым-қатынасына байланысты. Осыған орай маманның коммуникативтік құзыреттілігін, оның кәсіби құзыреттілігінің маңызды құрағышы ретінде қазіргі уақытта аса маңызды мәселе деп білу қажет. Туризм саласындағы мамандар әдетте шетелдіктермен жұмыс істейді, сондықтан шетел тілін білу олар үшін қажеттілік болып табылатынын ескере отыру қажет. Туризм саласында болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін шешу жолдарының бірі: коммуникативтік

құзыреттілігін қалыптастыруды шетел тілін үйрету процесінде жетілдіру болып табылады.

Қазақстандық білім беруді жаңартуда шетел тілдерін, нақты алғанда ағылшын тілін, үйрету басым бағыт болып табылады, бұл тіл бағыттағы емес мамандықтар үшін заманауи оқыту технологияларын пайдалана отырып, шетел тілін оқыту негіздерін қайта қарастыру қажеттілігін тудырады. Осы кезеңде шетел тіліне үйретудің басты мақсаты – сөйлеу әрекетінің төрт түріне (сөйлеу, аудирование (тыңдап түсіну), оқу және жазу) байланысты тілдік құзыреттілік қана емес, үйренушілердің еркін қарым-қатынас құру дағдыларын, тілдік материалды тәжірибе үстінде пайдалана білуін, танымдық жақтарды (елтану және мәдени реалиялармен, тіл этикетін білу және т.с.с.) кеңейту болып табылады.

Ғалымдар бұл күйді «коммуникативтік құзыреттілік» деп атайды. Коммуникативтік құзыреттілік «мәдениетаралық құзыреттілік» деген ұғыммен тығыз байланыста болады, өйткені коммуникативтік дағдыларға үйрету абстракциялық сипатта болуы мүмкін емес, сол тілде сөйлейтін адаммен тікелей сөйлесу қажет, байланысты «екінші» тіл тұлғасының сапалы дәрежеде қалыптасуы да осыған байланысты болады.

Біз кәсіби кадрлардың, нақты алғанда, туризм саласындағы болашақ мамандардың дайындығына жүргізген талдау коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру саласына қатысты кәсіби дайындықтарының дәрежесін жеткілікті емес екенін көрсетті, бұл болашақ мамандарға халықаралық деңгейде бәсеке құруға кедергі келтіреді. Бұл, дамып келе жатқан ақпараттық қоғамның ұлғайған талаптарына сәйкес, туризм саласында кәсіби кадрларды дайындау үшін ғылыми негіздерді әзірлеу бойынша жаңа тәсілдер және сала бойынша кәсіби қызметте пайдалану мақсатында шетел тілдерін меңгерудің әдістемелік қамсыздандыру қажеттілігін тудырады.

Осыған байланысты туризм саласындағы қазіргі мамандарға қоғамның қоятын талаптары мен ағылшын тілін оқыту барысында туризм саласындағы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігіне педагогикалық тұрғыдан әсер ету жүйесін жетілдіру қажеттілігі арасында; туризм саласындағы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру процесін ғылыми тұрғыдан түсіну бойынша объективті түрде шартталған қажеттілік пен бұл мәселенің теориялық негіздемесінің жеткілікті болмауы арасында, ағылшын тілін коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың құралы ретінде пайдалану қажеттілігі мен ЖОО-да бұл процестің әдістемелік қамсыздандыруының жеткілікті дәрежеде әзірленбеуі арасында **қайшылықтар** туындаған.

Туризм саласындағы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін ағылшын тілін оқыту барысында қажетті шарттарды іздестіру біздің зерттеуіміздің *мәселесін* құрып, тақырыбын таңдаған кезде де себепші болды: **«Болашақ туризм мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру (ағылшын тілі материалында)»**.

Зерттеу нысаны: жоо-да туризм саласындағы болашақ мамандарды кәсіби дайындау процесі.

Зерттеу пәні: ағылшын тілін оқыту барысында туризм саласындағы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру.

Зерттеу мақсаты: ағылшын тілін оқыту процесінде туризм саласының болашақ мамандарының коммуникативті әлеуетін ұйымдастыруды теориялық негіздеу және әдістемелік қамтамасыз ету.

Зерттеудің болжамы: егер ағылшын тілін үйрету барысында туризм саласындағы болашақ мамандардың коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастыру қажеттілігін теориялық жағынан негіздейтін болсақ, үлгі мен оқу-әдістемелік қамсыздандыруды құрастырсақ, сондай-ақ ұсынылатын үлгінің негізінде құрастырылған әдістемелік қамсыздандыруды пайдалана отырып туризм саласындағы болашақ мамандардың кәсіби дайындығын ұйымдастырсақ, онда бұл туризм саласындағы болашақ мамандардың коммуникативтік құзіреттілігі деңгейін арттыруға көмектеседі, себебі ол білім мен шеберлікті қалыптастырып, жасампаздық пен сыни ойлау сияқты жеке қабілеттерді дамытуды қамтамасыз етеді.

Зерттеу міндеттері

- туризм саласындағы болашақ мамандардың коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтау;

- туризм саласындағы болашақ мамандардың коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастырудың құралы ретіндегі ағылшын тілінің мүмкіндіктерін дәлелдеу;

- туризм саласындағы болашақ мамандардың коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісін құрастыру;

- коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру бойынша оқу-әдістемелік кешенді жасау және сараптамалық-педагогикалық жұмысты жүргізу арқылы оны мақұлдау.

Зерттеудің жетекші идеясы бойынша, ағылшын тілін үйрету барысында туризм саласындағы болашақ мамандардың коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастыру болашақ маманның кәсіби қызметінде өзі жетілдіруіне ықпал етеді.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізі: кәсіби білім беру теориясы; біртұтас педагогикалық үдеріс теориясы; білімді ақпараттандыру теориясы; шеттілді білім беру теориясы; компьютерлік лингводидактика; «құзырет пен құзыреттілік», «коммуникативтік құзыреттілік» түсініктерін анықтаудың теориялық әдістері; туризм саласындағы болашақ мамандардың кәсіби дайындығында педагогикалық технологияларды пайдаланудың теориялық негіздері.

Зерттеудің дереккөздеріне коммуникативтік құзыреттілік мәселесі бойынша философтардың, педагогтардың, психологтардың еңбектері; ЖОО-да туризм саласындағы болашақ мамандардың кәсіби дайындығын реттейтін және регламенттейтін ҚР БҒМ-нің нормативтік құжаттары: (білім берудің мемлекеттік жалпыға ортақ стандарттары, типтік, жұмыстық оқу жоспарлары

және бағдарламалары); автордың жеке педагогикалық және зерттеу тәжірибесі.

Зерттеу әдістері: ЖОО оқу-әдістемелік құжаттарының педагогикалық тәжірибелерін зерделеудің зерттелетін мәселелерін теориялық талдау, бақылау, салыстыру, жалпылау, үлгілеу, сауалнамалау, сұрастыру, практикалық тапсырмалар, материалды статистикалық өңдеу және т.б.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі

- туризм саласындағы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық негіздері анықталды;

- туризм саласындағы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың құралы ретіндегі ағылшын тілінің мүмкіндіктері дәлелденді;

- туризм саласындағы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісі құрастырылды;

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

1. Туризм саласындағы болашақ маманның коммуникативтік құзыреттілігі бұл – туризмдегі болашақ маманның білімі, дағдылары, қабілеттері мен жеке қасиеттерін қамтитын тұлғаның интеграциялық сипаттамасы болып табылады және туризм саласындағы маманның кәсіби сөзін реттейтін өнімді қарым-қатынасты қамтамасыз етеді және оның бағыттарын, сөйлеу ресурстары мен дұрыс пайдаланудың барабарлығын анықтайды.

2. Туризм саласындағы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ағылшын тілінің мүмкіндіктері туризм саласындағы болашақ мамандардың кәсіби, лингвистикалық, жалпы мәдени дүниетанымын және эмоциялық саласын кеңейтеді; өнімді оқу жұмысын қамтамасыз ететін пәндік дағдыларды, біліктіліктерді және әдістерді қалыптастырады, олардың нәтижесінде кәсіби қызметті жүзеге асыру жолдарын анықтайтын ұғымдардың нақтыланған және талданған жүйесі орнайды.

3. Барлық компоненттерді (уәждемелік, мазмұндық және әрекеттік-коммуникативтік), критерийлерді, көрсеткіштерді, принциптерді, әдістерді, сатылар мен педагогикалық жағдайларды ескере отырып, болашақ мамандардың туризм саласындағы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін үлгілеу ағылшын тілін оқыту барысында коммуникативтік құзыреттілік деңгейін дамытуға ықпал етеді.

4. Туризм саласындағы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін, оның ішінде ағылшын тілін оқыту үдерісінде коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді ұйымдастыру формаларын және әдістерін әдістемелік қамтамасыз ету коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру деңгейін жоғарылату мақсатына жетуді қамтамасыз етеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы бойынша Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ оқу үдерісіне құрастырылып, енгізілді:

Тқризм саласындағы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін оқу-әдістемелік кешен құрастырылды, оның құрамына енетіндер:

- ағылшын тілінің оқу бағдарламасы;
- туризм саласындағы мамандар үшін ағылшын тілінің оқу құралы;
- туризм саласындағы мамандар үшін ағылшын тілінің электронды оқулығы;
- жасампаздық пен сыни ойлауды дамыту бойынша оқу құралы;
- туризм саласындағы мамандар үшін тілашар (қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерінде).

Зерттеу нәтижелері мамандарды даярлау мен қайта даярлауда білім белу жүйесінде, сонымен қатар олардың жұмысындағы практикада пайдаланыла алады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі: зерттеудің әдіснамалық базасы; пайдаланылған әдістердің кешені, барабар қойылған мақсаттар мен міндеттер, тәжірибелік-сараптамалық жұмыстың мазмұны, зерттеу гипотезасының орындалуы қамтамасыз етеді.

Зерттеу базасы: Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, М. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен талқылануы

Диссертацияның негізгі ойлары және қорытындылары көлемі 7 баспа парақтарынан асатын 20 ғылыми жұмыстарда жарияланды: ҚР БҒМ-нің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда, Scopus, шетел конференцияларында 8, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 2, ҚР-ның ғылыми журналдарында 2, шетелдік ғылыми журналда 1, 2 оқу құралдарда.

Автордың хабарламалары мен баяндамалары Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдарына енгізілген: «Ғылым мен білімнің даму болашағы» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары бойынша ғылыми еңбектердің жинағы (Тамбов, 2015), «Заманауи ғылымның теориялық және қолданбалы аспектілері» 7 халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары бойынша ғылыми еңбектердің жинағы (Белгород, 2015), «Бүгінгі ғылым: бұрынғы постулаттар және заманауи теориялар» халықатарлық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары бойынша ғылыми еңбектердің жинағы (Саратов, Даллас, 2015), Proceedings of the European Conference on Education and Applied Psychology 6 International Scientific Conference (Vienna, 2015), International Symposium on Hoca Ahmed Yesevi (Ankara, 2016), «Бүгінгі ғылым: бұрынғы постулаттар және заманауи теориялар» 2 халықатарлық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары бойынша ғылыми еңбектердің жинағы (Саратов, 2015), European Science and Technology: materials of the X international research and practice conference (Munich, 2015), International Turkic World Educational Sciences and Social Sciences Congress, held in memory of Hodja Ahmet Yassawi

year 2016. (Antalya, 2016). Зерттеу материалдары отандық және шетелдік ғылыми журналдарда жарияланды: Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы (Алматы, 2016), Қазақстанның ғылымы және өмірі (Астана 2015/2017), Қазақстанның Педагогикалық ғылымдар Академиясының Хабаршысы (Алматы, 2015), «Ресейлік халықтар достастығы университетінің хабаршысы» (Мәскеу, 2017).

Диссертация құрылымы мен мазмұны: Диссертация нормативтік сілтемелер, анықтамалар, кіріспе, екі бөлімнен және қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.